

Следовательно, содержание бюджетной и денежно-кредитной политики должно быть адекватно этим фундаментальным основам свободного общества

**Список использованных источников:**

1. ЕС и Центральная Азия: стратегия нового партнерства. Принята на Саммите Евросоюза. Июнь 2007 год // (дата обращения 29.06.2015 г.).
2. Послание Президента Республики Казахстан — Лидера Нации Н.А. Назарбаева Народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050» — Новый политический курс состоявшегося государства» (Астана, 14 декабря 2012 года // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400002014> (по состоянию на 17.01.2014 г.).
3. Постановление Правительства Республики Казахстан от 27 августа 2014 года № 954 Об утверждении Концепции развития финансового сектора Республики Казахстан до 2030 года // (по состоянию на 27.08.2014 г.).
4. Указ Президента Республики Казахстан от 29 августа 2008 года № 653 О Государственной программе «Путь в Европу» на 2009-2011 годы // (по состоянию на 04.02.2011 г.).
5. Указ Президента Республики Казахстан от 19 января 2015 года № 991 О парафировании проекта Соглашения о расширенном партнерстве и сотрудничестве между Республикой Казахстан и Европейским Союзом // (по состоянию на 19.01.2015 г.). [schema type=>»book» name=>»МОДЕРНИЗАЦИЯ ФИНАНСОВОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСТАНА В СВЕТЕ СОГЛАШЕНИЯ С ЕВРОСОЮЗОМ О ПАРТНЕРСТВЕ И СОТРУДНИЧЕСТВЕ» description=>»В докладе рассматриваются актуальные вопросы модернизации финансовой системы Казахстана в свете нового, расширенного Соглашения с Европейским союзом о партнерстве и сотрудничестве (19 января 2015 г.) [5] и Государственной программы Казахстана «Путь в Европу» [4]. Анализируются следующие вопросы: финансовая политика и цели управления финансовым сектором республики; обосновывается необходимость систематизации действующего законодательства о финансовой деятельности хозяйствующих субъектов, обеспечения его «прозрачности» и доступности для зарубежных инвесторов; устранения противоречий между национальной правовой базой регулирования финансовых отношений и международными стандартами, а также европейскими директивами и рекомендациями; установления гарантий безопасности финансовой деятельности европейских компаний в республике.

ӘОЖ 033.334

**ГЕРМАНИЯДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК-  
ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК**

**Ибрагимов Мақсат Сағынғалиұлы**

[ibragimax\\_98@mail.ru](mailto:ibragimax_98@mail.ru)

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 7М04133 Мемлекеттік-жекешелік әріптестік экономикасы тобының 1-курс магистранты  
Ғылыми жетекші – Т. Азатбек

Мақалада мемлекеттік жекешелік әріптестіктің инновациялық бағыттағы механизмін дамыту мәселесіндегі Германияның тәжірибесі талданады. МЖӘ-ні мемлекет инфрақұрылымды дамыту мақсатында жеке сектормен шарттар жасасу үшін пайдаланады. Зерттеудің мақсаты – Германиядағы инновациялық мемлекеттік-жекешелік әріптестікті, сондай-ақ ел экономикасындағы рөлін зерттеу.

Қысқа мерзімді нарықтық тенденциялар жаңа технологиялармен теңесу және іргелі зерттеулердің жаңа нәтижелерін пайдалану үшін жеткіліксіз. Олар бір бағытта болуы тиіс жәнестратегиялық іргелі зерттеулермен толығып тұру қажет. Осы тұрғыда ынтымақтастық

стратегиялық іргелі зерттеулер саласындағы ғылыми қауымдастық компанияларға тиісті зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді.

Біз мемлекеттік-жекешелік әріптестікті былайша анықтаймыз - қаржыландыру мен жұмыс істеуін реттейтін шарт негізінде мемлекеттік сектор мен өнеркәсіп бірлесіп қаржыландыратын және басқаратын мемлекеттік қызмет немесе жеке экономикалық қызмет.

Германиядағы МЖӘ жобалары, әдетте, әртүрлі инфрақұрылымдық нысандарды, сондай-ақ басқа да әлеуметтік нысандарды салу, жаңғырту немесе қайта құру негізінде жүзеге асырылады


МЖӘ жобаларын неғұрлым тиімді іске асыру мақсатында Германияда МЖӘ орталығының функцияларын орындайтын арнайы орган құрылды. Федералдық деңгейде Partnerschaften Deutschland (Federal OPP Deutschland AG) ұйымы жұмыс істейді. Сондай - ақ, Төменгі Саксония мен Солтүстік Рейн-Вестфалияда орналасқан МЖӘ бойынша мамандандырылған мақсатты топтар бар. Partnerschaften Deutschland (бұдан әрі - "МЖӘ" АҚ) Федералдық Қаржы министрлігі мен федералдық Көлік министрлігінің шешімі бойынша құрылды. МЖӘ АҚ консалтингтік компания болып табылады, оның мақсаты Германияда МЖӘ жобаларын дамытуды жүзеге асыру болып табылады [1].

Неміс МЖӘ АҚ инновациялық бағыттағы әріптестіктің дамуын қолдайды. Неміс академиялық білім алмасу(DAAD) қызметімен біріге отырып "Инновациялық білім алмасуға арналған МЖӘ" бағдарламасын жүзеге асырады. Бұл жоба Федералдық білім және ғылыми зерттеулер министрлігінің (Bundesministerium für Bildung und Forschung – BMBF) бюджеті арқылы іске асырылмақ.

Бағдарлама неміс оқу орны мен шетелдегі оқу орны арасындағы академиялық байланыстарды нығайтуға бағытталған. Бағдарлама негізінде жас ғалымдар инновациялық бағытта МЖӘ жобаларын дайындап, тәжірибемен алмасады. Бұл оларға халықаралық зерттеулер мен кадрлар даярлауда қолдау болады[2].

Германиядағы кіші бизнес те инновациялық МЖӘ жобаларына белсенді түрде атсалысуда. Кіші бизнестің жобаларға қатысуы соңғы 3 жылда максимумға жеткен. Мемлекет және кіші бизнес арасындағы келісімдердің жартысынан көбі инновациялық жобалар болып табылады (1-сурет).

Сурет – 1. Кіші бизнестің инновациялық МЖӘ жобаларына қатысуы [3].



2005 жылғы 8 қыркүйекте "мемлекеттік-жекешелік әріптестікті енгізуді жеделдету және мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы заңнаманы жақсарту туралы" заң қабылданды (Gesetz zur Beschleunigung der Umsetzung von Öffentlich Privaten Partnerschaften und zur Verbesserung gesetzlicher Rahmenbedingungen der Öffentlich Privaten Partnerschaften). Бұл заң инвестициялық, бюджеттік, салықтық және монополияға қарсы заңнамаға, сондай-ақ МЖӘ

реттеуге қатысты қандай да бір басқа бірқатар құжаттарға өзгерістер енгізді және МЖӨ тетіктерін неғұрлым кеңінен пайдалануға жәрдемдесуге тиіс болды.

Заң қабылданғаннан соң Германияда бизнес МЖӨ жобаларына үлкен әсерін тигізе бастады. Көптеген инновациялық жобалар жеке сектор инициативасы арқылы іске асырылады.

Кесте 1. Германияның инновациялық МЖӨ жобаларына белсенді қатысатын кәсіпорындар [4].

Жеке сектор	МЖӨ жобаларының саласы
White&Case LLP	"White & Case" ЖШС МЖӨ-нің кең ұсынысына ие және ірі ұлттық және халықаралық жобаларға үнемі қатысады. Бұл әсіресе көлік секторында байқалады, онда ол МЖӨ жобаларының қаржылық аспектілері бойынша үнемі кеңес береді. Негізгі сәттерге Toll Collect акцияларын сатып алу бойынша көпшілік сауда-саттық процесінде PPF Group мүдделерін ұсыну және клиентке жүк көліктері үшін ақы алу жүйесінің жұмысына көмек көрсету кірді. Сондай-ақ, топ федералды Көлік және цифрлық инфрақұрылым министрлігіне МЖӨ жобаларына сыйақы беру туралы кеңес берді.
ChathamPartners LLP	Консультациялық қызметтер спектрі мәмілелерді, сондай-ақ МЖӨ жобаларын қаржыландыру мен дамытуды да қамтиды. Соңғы маңызды сәттерге BAM PPP Deutschland және Hochtief PPP Solutions-тен тұратын тендерлік консорциумның 3 федералды тас жолын кеңейтуге арналған қоғамдық тендерде ұсынылуы кіреді. Сондай-ақ, топ Nord via Solutions-қа Гамбург-Нордвест және Бродхолм автомобиль жолдарының тораптары арасындағы 7 федералды тас жолын кеңейтуге, пайдалануға және техникалық қызмет көрсетуге көмектесті
<u>Гринберг Трауриг</u> <u>Германия</u>	Неміс МЖӨ тәжірибесін Greenberg Traurig Дитер Нойманн басқарады және әсіресе нарықта мемлекеттік секторды көлік инфрақұрылымы жобаларында ұсынумен танымал. Мысалы, топ Федералды Көлік және цифрлық инфрақұрылым министрлігіне автомобильдерге арналған инфрақұрылымды пайдалану ақысын енгізу, инфрақұрылымға ақы төлеу жүйесін және ISA автоматты басқару жүйесін беру процедурасын дайындау және жүзеге асыру, сондай-ақ жүк көліктеріне ақы төлеуді кеңейту мәселелері бойынша кеңес береді.
BEITEN BURKHARDT	Қорғаныс, көлік, инфрақұрылым, ақпараттық технологиялар, денсаулық сақтау және энергетика саласындағы ірі жобаларға үнемі қатысады, мемлекеттік секторға кеңес беруге ерекше назар аударады. Соңғы маңызды сәттерге тәжірибе жетекшісі Ханс Джордж Ноймайер, Федералды Көлік және цифрлық инфрақұрылым министрлігіне Германия Федеративтік Республикасы мен Дания Корольдігі арасындағы Фемарн белдеуінің туннеліне қатысты мемлекеттік Келісімді жүзеге асыру туралы кеңес береді.
<u>CMS</u>	Себастьян Ротман МЖӨ жобаларына және қоғамдық көлік, әуе көлігі, жол құрылысы және порттар саласындағы даулы мәселелерге мамандандырылған CMS практикалық тобын басқарады. Кристиана Каппес Femern Bælt-ге Fehmarn-Lolland бекітілген желісі үшін жоспарды бекіту процедурасы бойынша кеңес берді.

Инновациялық шешімдер әр саланың алдыға жылжуына мүмкіндік береді. МЖӘ-тің инновациялық бағытына SWOT-талдау арқылы бейне жасайық.

Кесте – 2. Инновациялық МЖӘ жобаларына SWOT-талдау

Мықты жақтары	Әлсіз жақтары
<ul style="list-style-type: none"> <li>-әр саланың дамуына алып келеді;</li> <li>-еңбек өнімділігін арттыру;</li> <li>-жұмыспен қамтамасыз ету (тек құрылысшылар ғана емес, ғалымдар да ат салысады);</li> <li>-инвесторлардың қызығуы;</li> <li>-мәселелерді жылдам шешу;</li> <li>-келешекте даму мүмкіндігінің жоғары болуы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>-нәтиженің белгісіздігі;</li> <li>-шығынның көп болуы;</li> <li>-техникалық қауіптің жоғары болуы;</li> <li>-халықтың инновациялық технология туралы көп білмеуі;</li> <li>-мамандардың жеткіліксіздігі.</li> </ul>
Мүмкіндіктер	Қауіп
<ul style="list-style-type: none"> <li>-экологиялық тазалық;</li> <li>-келешекте ресурстарды үнемдеу;</li> <li>-шығындардың азаюы;</li> <li>-құрылыс жұмыстарын жылдам аяқтау;</li> <li>-құрылыстың берік болуы;</li> <li>-техниканың арзан болуы;</li> <li>-әр салаға қолайлы ортаның болуы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>-инвестицияның аз болуы;</li> <li>-жобаның өтемділігінің болмауы;</li> <li>-бәсекелестіктің болмауы;</li> <li>-жұмыс орнының азаюы.</li> </ul>

*Ескерту – кесте автормен құрастырылған*

SWOT-талдау бойынша инновациялық жобалардың мықты жақтары мен мүмкіндіктері көпшілікті қызықтыруы қажет. Германия билігі инновациялық шешімдерге неліктен үлкем сенім артатындығын SWOT-талдау арқылы түсіндіруге болады.

Германияда инновациялық шешімдер көбіне жол құрылысында қолданылады. Мысал ретінде Bundesautobahn 26 (A-26) автобаның алуға болады. Автобан солтүстікте орналасқан, Штаде мен Хорнебург қалаларының арасында орналасқан. Жол құрылысы 2002 жылы басталған, қазіргі кезде толықтырулар енгізілуде. Хорнебург-Ной Вулфшторф бөлігінде жолдың инновациялық құрылысы салынуда [5].

Неміс жол құрылысының инновациялық шешімі – магниттік жолдар. Бұл жағдайда шуды сіңіретін асфальтты қолданысқа алды. Сонымен қатар инновациялардың бірі - өзін-өзі қалпына келтіретін асфальт. Бұл технология жол жамылғысының жоғарғы қабатының қызмет ету мерзімін арттыруға мүмкіндік береді, индукциялық энергия арнайы машинамен қатты қызған кезде жол жамылғысын қатайтуға мүмкіндік беретін магниттік элементтер асфальт қоспасына қосылады.

Сарапшылардың пікірінше, неміс жолдарының сапасы құрылыс материалдарын мұқият таңдау және араластыру және сапаны жүйелі түрде көп сатылы бақылау арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл технология жолдардың ұзақ уақыт қызмет етуіне мүмкіндік береді.

Хорнебург-Ной Вулфшторф ара-қашықтығы 20 шақырымдай. Инновациялық шешім инициативасын Нортон Роуз компаниясы арқылы өткен. Жол құрылысын бұл бөлігіне 263 млн еуро бөлінген болатын [6].

Бұл неміс кәсібінің инновациялық жобаларға атсалысу деңгейін көрсетеді. Германиялық инновациялық МЖӘ жобаларының басты ерекшелігі – кіші және орта бизнес инициатор болып табылады. Олардың инфраструктураға деген қызығушылығы жоғары. Біздің елде де кәсіпкерлердің қызығушылығын ояту қажет. Себебі, инновациялық жобалар келешекте ресурстарды үнемдеу, экология тазалығы үшін өте тиімді құрал болып табылады.

Қазақстанға неміс тәжірибесіне көп назар аударған жөн. Германиядағы инновациялық МЖӘ жобаларына көбіне инвесторлар қызығушылық білдіреді. Ең бастысы – инновацияға

сенімді арттыру қажет. Соның арқасында инновациялық шешімдер қабылданып, құрылыс және де басқа салалардың дамуына алып келеді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Koschatzky, Knut (2017) : A theoretical view on public-private partnerships in research and innovation in Germany, Arbeitspapiere Unternehmen und Region, No. R2/2017, Fraunhofer ISI, Karlsruhe
2. <https://www.daad.org/en/ppp/>
3. <https://tradingeconomics.com/germany/composite-pmi>
4. <https://www.legal500.com/c/germany/public-sector/ppp/?edition=2019-edition>
5. Alfred Bullesbach (Hrsg.), StaatimWandel: mehrDienstleistung - wenigerVerwaltung; Eichhom/Budaus, Public Private Partnership - NeueFormenoffentlicherAufgabenerfullung.
6. Jacob D, Stuhr C. Finanzierung und Bilanzierung in der Bauwirtschaft, 2nd edn. - Springer Vieweg, Wiesbaden, Germany, 2013.

ӘОЖ 332.13

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПкерліктің инфрақұрылымы

Исақ Сабина Нұркенқызы

[issakovas1@gmail.com](mailto:issakovas1@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, экономика факультеті,  
«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы 3курс студенті  
Ғылыми жетекші - Б. Исабеков

### Аңдатпа

Мақалада инновациялық кәсіпкерліктің еліміздегі маңыздылығы талқыланды. Кәсіпкерліктің маңыздылығын ескере отырып, кәсіпкерлікті қолдау тетіктері немесе инфрақұрылым тақырыбы мемлекеттік және жеке ұйымдар үшін үлкен қызығушылық тудырады. Көптеген құрылымдар мен тетіктерге талдау жүргізудің бірнеше деңгейлері, соның ішінде халықтар, аймақтар, қалалар, тіпті университеттер енгізілді. Саясат және экономикалық жұмыс инфрақұрылымды зерттеді, өйткені ол экономикалық қызметпен кеңірек байланысты, кәсіпкерлікке онша көңіл бөлінбейді. Бұл мақалада кәсіпкерлік пен инфрақұрылымға қатысты жаңа зерттеулер талданған, жаңа кәсіпорындар құруды қолдау және кәсіпкерлік табыстарды қолдау тұрғысынан. Мақала әлеуметтік жүйелер перспективасын негіз ретінде қолдана отырып, кәсіпкерліктің инфрақұрылымының үш негізгі категориясын сипаттаудан басталады: ресурстардың қорлары, институционалдық келісімдер және меншікті функцияларды қолдау. Осы негізге кәсіпкерліктің, кәсіпкерліктің экожүйелерінің, инновациялық жүйелердің және ресурстарға тәуелділіктің әдебиеттеріне негізделген жұмыс кіреді. Содан кейін мақалада инновациялық кәсіпкерліктің дамуының негізгі ерекшеліктері талқыланып, ондағы тұжырымдамасы ашылады. Инновациялық кәсіпкерліктің орны елдің тиімді әлеуметтік-экономикалық алға басуының басты ,сыртқы және ішкі нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін қамтитын негізгі стратегиялық факторларының бірі болып анықталды.

*Тірек сөздер: инновация, кәсіпкерлік, инфрақұрылым, технопарактер, венчурлық қорлар, бәсекеге қабілеттілік, қолдау, бизнес-инкубатор.*

Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту аясында мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылуы үшін әкімшілік қасында құрамына кәсіпкерлік бөлімдері кіретін «Кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті»(Басқарма) құрылды. Басқарма шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауды жүзеге асыруда өзінің күзіреттілігі шегінде өкілетті.

Кәсіпкерлік ортаның инициативаларын жүзеге асыру үшін қолайлы атмосфера жасау мақсатында Кәсіпкерлік ісімен айналысатын Әкімшілік аппараты Комиссиясы жанында жергілікті органдарды құру арқылы кәсіпкерлермен «кері байланыс» ұйымдастыру схемасы дайындалды.